

Лисаков қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 10 наурыздағы № 69 "2015 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қостанай облысы Лисаков қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 26 қазандағы № 392 қаулысы . Қостанай облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 19 қарашада № 6009 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабының 2-тармағына, "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 4-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес Лисаков қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Лисаков қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 10 наурыздағы № 69 "2015 жылға Лисаков қаласының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы" қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5526 болып тіркелген, 2015 жылғы 30 сәуірдегі "Лисаковская новь" газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының 1, 2-қосымшалары осы қаулының 1 және 2-қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Д.Е. Найденовке жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2015 жылдың 01 қыркүйегінен бастап туындаған қатынастарға таратылады.

Қала әкімі

А. Исмағұлов

Әкімдіктің
2015 жылғы 26 қазандағы
№ 392 қаулысына 1-қосымша
Әкімдіктің
2015 жылғы 10 наурыздағы
№ 69 қаулысына 1-қосымша

**2015 жылға арналған Лисаков қаласының
мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы
мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік**

**білім беру тапсырысы, республикалық бюджет
қаражаты есебінен қаржыландырылатын жан басына
шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың
ақы төлеу мөлшері**

№	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының әкімшілік- аумақтық орналасуы (аудан, қала)	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының атауы	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының тәрбиеленушілер саны	Мектепке дейінгі ұйымдарда қаржыландырудың жан басына шаққанда бір айдағы мөлшері (теңге)	Мектепке дейінгі ұйымдарда ата-аналарының бір айдағы төлемақы мөлшері (теңге)
1	Лисаков қаласы	Лисаков қаласы әкімдігі білім бөлімінің "Балапан" жедел басқару құқығындағы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	110	20123	3 жасқа дейін-6600 3 жастан бастап-8140
2	Лисаков қаласы	Лисаков қаласы әкімдігі білім бөлімінің "Улыбка" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	75	20123	3 жасқа дейін-6600 3 жастан бастап-8140
3	Лисаков қаласы	Лисаков қаласы әкімдігі білім бөлімінің "Красногор негізгі мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі жанындағы толық күндік шағын- орталық	25	12740	3 жастан бастап-7700
4	Лисаков қаласы	"Ясли-сад "Балақай" на 180 мест" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	60	12740	3 жасқа дейін-6600 3 жастан бастап-8140

Әкімдіктің
2015 жылғы 26 қазандағы
№ 392 қаулысына 2-қосымша
Әкімдіктің
2015 жылғы 10 наурыздағы
№ 69 қаулысына 2-қосымша

**2015 жылға арналған Лисаков қаласының
мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы
мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік
білім беру тапсырысы, жергілікті бюджет
қаражаты есебінен қаржыландырылатын жан
басына шаққандағы қаржыландыру және
ата-ананың ақы төлеу мөлшері**

№	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының әкімшілік-аумақтық орналасуы (аудан, қала)	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының атауы	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының тәрбиеленушілер саны	Мектепке дейінгі ұйымдарда қаржыландырудың жан басына шаққанда бір айдағы мөлшері (теңге)	Мектепке дейінгі ұйымдарда ата-аналарының бір айдағы төлемақы мөлшері (теңге)
1	Лисаков қаласы	Лисаков қаласы әкімдігі білім бөлімінің "Мұрагер" мектепке дейінгі оқу-тәрбие орталығы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	353	15562,893	3 жасқа дейін – 6600 3 жастан бастап – 8140
2	Лисаков қаласы	Лисаков қаласы әкімдігі білім бөлімінің "Ұлыбка" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	240	15562,893	3 жасқа дейін – 6600 3 жастан бастап – 8140
3	Лисаков қаласы	Лисаков қаласы әкімдігі білім бөлімінің "Дельфинчик" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	328	15562,893	3 жасқа дейін – 6600 3 жастан бастап – 8140
4	Лисаков қаласы	Лисаков қаласы әкімдігі білім бөлімінің "Ивушка" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	311	15562,893	3 жасқа дейін – 6600 3 жастан бастап – 8140
5	Лисаков қаласы	Лисаков қаласы әкімдігі білім бөлімінің "Балапан" жедел басқару құқығындағы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	48	15562,893	3 жасқа дейін – 6600 3 жастан бастап – 8140